

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### 2020 жылы БЖЗК салымшыларға 19,4 миллионнан астам қызмет көрсетті

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2020 жылы бірқатар шектеу шаралары қабылданған эпидемиологиялық жағдайға және коронавирустық індеге (COVID-19) қарамастан, көрсетілетін қызметтер санын 2019 жылмен салыстырғанда 15% ұлғайтты. Осылайша 2021 жылдың 1 қаңтарына қарай БЖЗК салымшыларға 19,4 млн қызмет көрсетті, бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 2,5 млн-ға артық.

БЖЗК-ның электрондық қызметтерінің танымал болуының арқасында бұл көрсеткіш 92% (17,9 млн) асып, қызметтерінің басым көшілігін Қор онлайн форматта көрсетті. БЖЗК сайтында да, мобилді қосымшасында да бар жеке кабинеттің көмегімен салымшылар мына қызметтерді үйден шықтай-ақ алды: жеке зейнетақы шотынан үзінді-көшірме алу, деректемелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ-ның бар екендігі туралы анықтама алу, мерзімсіз уақытқа 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштің мәртебесін қадағалау және тағы басқа көптеген қызметтер.

Салымшылардың бір бөлігі бұрынғысынша бүкіл Қазақстан бойынша орналасқан біздің филиалдарымызға жүгінеді. Салымшылар БЖЗК бөлімшелерінде 1,4 млн қызмет алды.

Бұдан басқа, еліміздің шалғай елді мекендерін зейнетақы қызметтерімен қамту үшін «БЖЗК» АҚ және «Қазпошта» АҚ Ұлттық пошта операторының бөлімшелерінде Қордың салымшылары мен алушыларына қызмет көрсету бойынша бірлескен жоба жүзеге асырылуда. Естеріңізге сала кетейік, «Қазпошта» бөлімшелерінде төмендегі операцияларды жүзеге асыруға болады:

- **салымшының (алушының) қосымша деректемелерін (жеке қуәлігінің деректемелері, телефон нөмірі, электрондық және пошталық мекенжайы) өзгерту (толықтыру) туралы өтініш беру;**
- **хабарлау тәсілін өзгерту (белгілеу) (оның ішінде «БЖЗК» АҚ қызметтеріне электрондық форматта қол жеткізу үшін) туралы келісімге қол қю.**

Жалпы алғанда, 2020 жылы пошта операторының бөлімшелерінде бұл операциялар 6,3 мың рет пайдаланылды.

БЖЗК міндеттерінің бірі – сапалы кеңес беру қызметтерін көрсету және Қордың салымшылары мен алушылары үшін ақпараттық арналарды дамыту екенін атап өту маңызды. 2020 жылы салымшылардың көрі байланыс арналары арқылы жасаған өтініштерінің саны бір жыл бұрынғы көрсеткіштермен салыстырғанда екі есеге артты. 2020 жылы 1,4 млн өтініш болса, 2019 жылы 705 мың өтініш түсken.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗК салымшылары мен алушылары 1418 нөмірі бойынша (Қазақстан бойынша қонырау шалу тегін) байланыс орталығына қонырау шалып кеңес ала алады. Сондай-ақ, кеңестерді [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) корпоративтік сайтынан, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боты арқылы, Facebook, Instagram, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі Қордың ресми паракшаларынан алуға болады.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мулік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшияга (алушыга) зейнетақы жинақтарының жай-куйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).